

АРТ-ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

*Қожагулов А.Т.¹, Алимбекова А.А.², Жумашева Т.С.³, Булшекбаева А.И.⁴

^{*1,2,4} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан

³ Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қоғамның қарқынды даму жағдайында, саяси және әлеуметтік мүмкіндіктердің кеңейе түсуіне байланысты, постиндустриалдық ақпараттық қоғам құру мен мәдениетаралық қарым-қатынастардың күн арта күшейуі, экономиканың дамуы, бәсекелестіктің артуы, біліктілікті қажет етпейтін еңбек саласының азайуы, әр қызмет саласындағы мамандардың іріктелуі мен үнемі кәсіби біліктілігін арттыру мәселесі, жан-жақты мобильді маман болу сияқты заманауи құзыреттіліктердің айқындалуы, тұлға құндылықтарының рөлінің жоғарылауы. Педагогиканың міндеті мемлекет азаматын, отбасы иесін, білікті маман дайындауға көмектесу. Қазақстанның білім саясаты ұлттық көзқарастарды ескеріп, әлемдік бірлестіктерге таныстырып, озық үлгідегі әлемдік тәжірибелерге де сүйенеді. Жаңа білім беру парадигмасы қалыптасып қалған жүйенің күрделі түрде, түбегейлі мазмұны мен болашақ мамандарды даярлау технологиясының көркеюін, яғни мектепке дейінгі білім беру мамандарының да жаңғыруын талап етуде.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту маңызды мәселе болып табылады. Мұнда арт-технологиялар қолдану арқылы кәсіби білім беру үдерісін жақсарту мүмкіндіктері қарастырылады. Арт-технологиялар (өнер технологиялары) білім беру жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға, оқыту әдістерін әртараптандыруға, және оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі.

Авторлар болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамыту олардың кәсіби деңгейін жоғарылатуға, білім беру сапасын жақсартуға және мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық әдістерді енгізуге мүмкіндік беретініне назар аударады.

Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамытудың әлеуеті талданған. Авторлар болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология негізінде дамыту мүмкіндіктерінің маңыздылығын ашқан.

Сондай ақ, мақалада эмпирикалық зерттеу нәтижелерін шығаруда бірнеше әдістемелер қолданылды. Олар: шығармашылық ойлау диагностикасы (Графикалық бейнені құрудың икемділігін зерттеу (Э.П.Торренс бойынша), студенттердің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалау (Н.А. Лепская әдістемесі бойынша).

Тірек сөздер: мектепке дейінгі ұйым, педагог-тәрбиеші, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі, арт-технология, кәсіби құзыреттілік, дамыту, әлеует, кәсіби іс-әрекет

Кіріспе

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында педагогтердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, педагогика саласында жан-жақты хабардар, білгір болуларына ерекше тоқталып, өзін өзі жетілдіруге тұрақты

бағыт алған, рухани жан дүниесі дамыған, шығармашыл тұлға, кәсіби шеберлігі әдістемелік шеберлігімен ұштасып, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде көрініс беруі әр ұстазға шарт екендігі айтылған [1]. Сонымен қатар «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн екендігін айта келе, онда қолөнердің бастапқы негіздерін зерттей келе, өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет екендігін атап өткен болатын [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 1-ші бап, 45 тармағында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік зияткерлік әлеуетін молықтыру үшін кадрларды даярлау туралы айтылса, 10-шы бабының екінші тармағында «...жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», ал 15 баптың 2 тармағында «...әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын даярлауға бағдарланады» делінген. Осы заңның 21 бабында «Жоғары білім беру бағдарламалары ЖОО-да білім жүйесін дамытуға және жетілдіруге бағытталған жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін қамтитын инновациялық білім беру бағдарламаларын конкурстық негізде әзірлеуге және енгізуге құқылы» делінген [3], демек баланың рухани, психологиялық, физикалық денсаулықтарын есепке ала отырып, үйлесімді дамытуына ықпал ететін болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың жолдарын, мүмкіндіктерін, технологияларын, әдіс-тәсілдерін зерттеу және оларды теориялық негіздеп, тәжірибеде жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі әрі тиянақты жүргізу сияқты міндеттерді жүзеге асыру кезек күттірмейтін мәселелерге айналып отыр. Осыған орай «Педагог мәртебесі» туралы заңның 15-ші бабында *«Педагог өз қызметі саласында тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге міндетті»* деп нақтылана түседі [4]. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының «Тәрбие мен оқытудың нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптары» атты 2 тарауының 5 тармағы: Тәрбиелеу білім беру үдерісінде *тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық, сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық дағдылары* дамитынын атап айтса, 10 тармағында: *«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»* [5]. деп көрсеткен. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің «Ағымдағы жағдайды талдау» атты екінші тарауында көптеген жетістіктерді айта келе мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелердің ішінде: балалармен жұмыста қолданатын әдістер мен нысандар заманауи талаптарға сәйкес келмеуі; балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі; білім берудің әртүрлі деңгейлерінде

алынатын негізгі дағдылардың жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін құруға кедергі жасауы; педагогтерді даярлау бағдарламаларының мазмұнының әлемдік ғылымның заманауи үрдісіне сәйкес келмеуі туралы айтылған [6]. Демек мектепке дейінгі болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың жаңа әдіс тәсілдерін қамтитын оқыту технологияларын жоғары оқу орнында тиімді қолдану кезек күттірмейтін мәселе. Осыған орай «Баршаға сапалы қол жетімді білім» педагогтердің I съезіне дайындалған Ұлттық баяндама жобасында «...адами капиталды қалыптастыру тұрғысынан университеттердің басты функциялары: инновациялардың, технологиялық прогресс пен ғылымның дамуын ескере отырып, жоғары білім алған және жоғары оқу орнынан кейінде білімін толықтырған кадрлар даярлау» туралы айтылады [7, 31б.]. Болашақ педагогтер мектепке дейінгі ұйымда шығармашылық іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастырып, өнер арқылы баланы жан-жақты дамытуға жағдай жасайтын арт-технологияларды шебер қолдану кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Себебі мектепке дейінгі ұйым педагогі арт-технологияны қолдануда балаларды тыныштандыру, ойын шоғырландыру, эмоционалды жағымды күй орнату арқылы шығармашылыққа баули білуі қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында бірнеше әдістемелер қолданылды. Олар: шығармашылық ойлау диагностикасы (Графикалық бейнені құрудың икемділігін зерттеу (Э.П.Торренс бойынша), студенттердің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалау (Н.А. Лепская әдістемесі бойынша).

Нәтижелер және талқылау


Психодиагностикада графикалық бейнені құрудың икемділігін зерттеуге Э.П. Торренстің «Шығармашылық ойлау диагностикасы» жүргізілді. Бұл зерттеуде 1-2 курс студенттерінің танымдық (когнитивті) үрдіс негізінде ойлаудың икемділігін талдау жасалады. Когнитивті–аналитикалық компонентіне сәйкес, болашақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының Арт-технология арқылы кәсіби құзіреттілігінің даму деңгейі бойынша графикалық бейнені құрудың икемділігін және шығармашылық ойлауын бағалау нәтижесіне жүргізілген талдау барысында, жалпы жоғарғы деңгейде бірде бір бақылау және эксперимент топтарындағы респонденттерден анықталмады, бұл ретте, бақылау тобы бойынша 65 зерттелушінің жеткілікті деңгейді - 14 студент 21,5% студенттер көрсете алды, ал, орташа деңгейді - 20 зерттелуші 30,7%, төмен деңгейді 31 зерттелуші 47, 8% анықталды. Критерий бойынша бағалау нәтижелерін іріктеу жүргізгеннен кейін респонденттердің жалпы деңгейлері төмен екендіктері анықталды.

Эксперимент тобы бойынша 67 зерттелушінің жеткілікті деңгейді - 17 студент 25,3% студенттер көрсете алды, ал, орташа деңгейді - 21 зерттелуші 31,3 %, төмен деңгейді 29 зерттелуші 43,4% анықталды. Көрсеткіштері

бойынша бағалау нәтижелерін іріктеу жүргізгеннен кейін респонденттердің жалпы деңгейлері төмен екендіктері анықталды (3.4 кестесін қараңыз). Деңгейлердің сандық сипаттамалары 3.1. суретте көрнекі гистограмма түрде көрсетілген (1-кесте).

Кесте 1 - БТ мен ЭТ-ның графикалық бейнені құрудың икемділігін зерттеуге Э.П. Торренстің «Шығармашылық ойлау диагностикасы» пайыздық көрсеткіштерінің нәтижелері

	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	n	%	n	%
Жоғары	0	0	0	0
Жеткілікті	14	21,5	17	25,3
Орташа	20	30,7	21	31,3
Төмен	31	47,8	29	43,4



Сурет 1 - Когнитивті –аналитикалық компонент бойынша БТ мен ЭТ-ның графикалық бейнені құрудың икемділігін зерттеуге Э.П.Торренстің «Шығармашылық ойлау диагностикасы» бағалау нәтижелерін жалпылау

Респонденттердің бұған дейін дайындаған көркемдік баяндамалары мен салған суреттері және тапсырмаларда орындаған иллюстрацияларды ұсынды, сонымен бірге, когнитивті-аналитикалық компонентінің көрсеткішіне сәйкес диагностика кезеңінде берілген тапсырма жұмыстарында сипатталған әдістер комплексін қолданды. Жан-жақты толық қамтылып даярлаған материалдарды қолдану барысында, педагогикалық үрдісте Арт-технологияның элементтері арқылы шығармашылық ойлау мен графикалық бейнені құрудың икемділігін объективті түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Психодиагностикада студенттердің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалауда Н.А.Лепская әдістемесі жүргізілді. Зерттеуден

алынған алғашқы мәліметтер диагностикалауда Н.А.Лепская әдістемесінің интерпретациясына сәйкес төмендегідей көрсеткіштер мен деңгейлері бойынша талданды:

1. Дербестік (түпнұсқалық) – өнімді немесе репродуктивті әрекетке, стереотиптік немесе еркін ойлауға, бақылауға, есте сақтауға бейімділігін бекітеді.

2. Динамизм – қиял мен көркем қиялдың дамуын көрсетеді (статикалық жұмыс жоспарының жоқтығын, өз сызбалары үшін идеяларды табу және құрудың қалыптаспаған қабілетін көрсетеді).

3. Эмоционалдылық – өмір құбылыстарына эмоционалды жауап берудің, бейнеленгенге қатынастың болуын көрсетеді.

4. Экспрессивтілік – көркем бейненің болуымен бекітіледі.

5. Графика – әртүрлі графикалық материалдармен жұмыс істеудің көркемдік құралдары мен тәсілдерін саналы түрде қолдану.

Айқындаушы эксперименттің когнитивті – аналитикалық компонент бойынша *көркем өнер деңгейі; фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі; көркемдікке дейінгі деңгейлері* бойынша зерттеуде алынған эмперикалық мәліметтердің сандық және сапалық мәліметтерін талдаймыз

Бақылау тобында дербестік көрсеткішінің *көркем өнер деңгейі бойынша* 65 зерттелушінің 10 зерттелушінің 15,3% жоғары идея ерекше, эмоционалды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілген. БТ-да 22 зерттелушінің 33,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын береді. Графикалық құралдар әртүрлі. БТ-да 33 зерттелушінің 50,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Дербестік көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша БТ-да 15 зерттелушінің 23% жоғары, ерекше эмоциональды, БТ-да 20 зерттелушінің 30,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. БТ-да 30 зерттелушінің 46,2% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Дербестік көрсеткішінің көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша: 14 зерттелушінің 21,5% жоғары, ерекше эмоциональды, 20 зерттелушінің 30,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. 31 зерттелушінің 47,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген.

Динамизм көрсеткіші – қиял мен көркем қиялдың дамуын көрсетеді (статикалық жұмыс жоспарының жоқтығын, өз сызбалары үшін идеяларды табу және құрудың қалыптаспаған қабілетін көрсетеді).

Бұл көрсеткіштің бақылау тобында *динамизм көрсеткішінің көркем өнер деңгейі бойынша* 65 зерттелушінің 20 зерттелушінің 30,7% жоғары идея ерекше, эмоционалды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және

әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілген. БТ-да 16 зерттелушінің 24,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын береді. Графикалық құралдар әртүрлі. БТ-да 29 зерттелушінің 44,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Динамизм көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша БТ-да 10 зерттелушінің 15,3% жоғары, ерекше эмоционалды БТ-да, 20 зерттелушінің 30,7% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. БТ-да 35 зерттелушінің 53,8% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Динамизм көрсеткішінің көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша: БТ-да 5 зерттелушінің 7,6 % жоғары, ерекше эмоционалды, БТ-да 15 зерттелушінің 23% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. БТ-да 45 зерттелушінің 69,4% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген.

Эмоционалдылық көрсеткіші – өмір құбылыстарына эмоционалды жауап берудің, бейнеленгенге қатынастың болуын көрсетеді. Бұл көрсеткіштің бақылау тобында 65 зерттелушінің **көркем өнер деңгейі бойынша** 12 зерттелушінің 18,4% жоғары идея ерекше, эмоционалды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілген. БТ-да 19 зерттелушінің 29,2% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын береді. Графикалық құралдар әртүрлі. БТ-да 34 зерттелушінің 52,3% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Эмоционалдылық көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша БТ-да 5 зерттелушінің 7,6% жоғары, ерекше эмоционалды, БТ-да 16 зерттелушінің 24,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. БТ-да 44 зерттелушінің 67,6% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Эмоционалдылық көрсеткішінің көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша: БТ-да 5 зерттелушінің 7,6% жоғары, ерекше эмоционалдылықты қамтиды, БТ-да 16 зерттелушінің 24,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. БТ-да 36 зерттелушінің 55,3% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен екендігін көрсетті.

Экспрессивтілік көрсеткіші – көркем бейненің болуымен бекітіледі. Бұл көрсеткіштің бақылау тобында 65 зерттелушінің **көркем өрнек деңгейі бойынша** БТ-да 9 зерттелушінің 13,8% жоғары эмоционалдылықты қамтиды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілмеген. БТ-да 17 зерттелушінің 26,2% орташа яғни, идея

түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын орташа деңгейде танытқан. Графикалық құралдар әртүрлі. БТ-да 39 зерттелушінің 60% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері байқалмайды.

Экспрессивтілік көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша БТ-да 6 зерттелушінің 9,2% жоғары, ерекше эмоциональдылықты көрсетті, БТ-да 24 зерттелушінің 36,9% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. БТ-да 35 зерттелушінің 53,8% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен деңгейді қамтиды.

Экспрессивтілік көрсеткішінің көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша: БТ-да 9 зерттелушінің 13,8 % жоғары, ерекше эмоциональдылықты танытты, БТ-да 22 зерттелушінің 33,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделгенін көрсетті. БТ-да 34 зерттелушінің 52,3% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен көрсетілген. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген.

Графика көрсеткіші – әртүрлі графикалық материалдармен жұмыс істеудің көркемдік құралдары мен тәсілдерін саналы түрде қолдану.

Бұл көрсеткіштің бақылау тобында 65 зерттелушінің **көркем өнер деңгейі бойынша** БТ-да 7 зерттелушінің 10,9% жоғары эмоциональдылықты қамтиды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілмеген. БТ-да 18 зерттелушінің 27,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын орташа деңгейде танытқан. Графикалық құралдар әртүрлі. БТ-да 40 зерттелушінің 61,5% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері байқалмайды. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген


Графика көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша БТ-да 8 зерттелушінің 12,3% жоғары, ерекше эмоциональдылықты көрсетті, 25 зерттелушінің 38,4% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. 32 зерттелушінің 49,2% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен деңгейді қамтиды.

Графика: БТ-да 4 зерттелушінің 6,1% жоғары эмоциональдылықты танытты, БТ-да 28 зерттелушінің 43% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделгенін көрсетті. БТ-да 33 зерттелушінің 50,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен көрсетілген. Зерттеуде алынған алғашқы тәжірибелік мәліметтердің сандық және сапалық интерпертациясы төмендегі кесте мен суреттерде бейнеленген (2-кесте).

Кесте2 - БТ студенттерінің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалауда Н.А. Лепская әдістемесі бойынша бағалау нәтижелері

Көрсеткіштері	Деңгейлері								
	Көркем өрнек деңгейі			Фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі			Көркемдікке дейінгі		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Дербестік (түпнұсқалық)	10 15,3%	22 33,8%	33 50,7%	15 23%	20 30,8%	30 46,2%	14 21,5%	20 30,8%	31 47,7%
Динамизм	20 30,7%	16 24,6%	29 44,7%	10 15,3%	20 30,7%	35 53,8%	5 7,6%	15 23%	45 69,4%
Эмоционалдылық	12 18,4%	19 29,2%	34 52,3%	5 7,6%	16 24,6%	44 67,6%	13 20%	16 24,6%	36 55,3%
Экспрессивтілік	9 13,8%	17 26,2%	39 60%	6 9,2%	24 36,9%	35 53,8%	9 13,8%	22 33,8%	34 52,3%
Графика	7 10,9%	18 27,6%	40 61,5%	8 12,3%	25 38,4%	32 49,2%	4 6,1%	28 43%	33 50,7%

Ескерту: Ж-жоғары; О – орташа; Т- жарамды



Сурет 2 - БТ - ның Когнитивті –аналитикалық компонент бойынша БТ - ның студенттердің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалауда Н.А.Лепская әдістемесі бойынша бағалау нәтижелерінің диаграммасы

Эксперимент тобында дербестік көрсеткішінің **көркем өнер деңгейі бойынша** 67 зерттелушінің 10 зерттелушінің 15,3% жоғары идея ерекше, эмоционалды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере

отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілген. 22 зерттелушінің 33,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын береді. Графикалық құралдар әртүрлі. 33 зерттелушінің 50,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Дербестік көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша ЭТ-дағы 15 зерттелушінің 23% жоғары, ерекше эмоциональды, 20 зерттелушінің 30,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. 30 зерттелушінің 46,2% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Дербестік көрсеткішінің **көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша**: ЭТ-дағы 14 зерттелушінің 21,5% жоғары, ерекше эмоциональды, 20 зерттелушінің 30,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. 31 зерттелушінің 47,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген

Динамизм көрсеткіші – қиял мен көркем қиялдың дамуын көрсетеді (статикалық жұмыс жоспарының жоқтығын, өз сызбалары үшін идеяларды табу және құрудың қалыптаспаған қабілетін көрсетеді).

Бұл көрсеткіштің эксперимент тобында **динамизм көрсеткішінің көркем өрнек деңгейі бойынша** 67 зерттелушінің 20 зерттелушінің 30,7% жоғары идея ерекше, эмоционалды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілген. 16 зерттелушінің 24,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын береді. Графикалық құралдар әртүрлі. 29 зерттелушінің 44,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Динамизм көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша ЭТ-дағы 10 зерттелушінің 15,3% жоғары, ерекше эмоциональды, 20 зерттелушінің 30,7% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. 35 зерттелушінің 53,8% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Динамизм көрсеткішінің **көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша**: ЭТ-дағы 5 зерттелушінің 7,6 % жоғары, ерекше эмоциональды, 15 зерттелушінің 23% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. 45 зерттелушінің 69,4% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген.

Эмоционалдылық көрсеткіші – өмір құбылыстарына эмоционалды жауап берудің, бейнеленгенге қатынастың болуын көрсетеді. Бұл көрсеткіштің ЭТ тобында 67 зерттелушінің **көркем өрнек деңгейі бойынша** 12 зерттелушінің 18,4% жоғары идея ерекше, эмоционалды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған.

Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілген. ЭТ-дағы 19 зерттелушінің 29,2% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын береді. Графикалық құралдар әртүрлі. ЭТ-дағы 34 зерттелушінің 52,3% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Эмоционалдылық көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша ЭТ –дағы 5 зерттелушінің 7,6% жоғары, ерекше эмоционалды, 16 зерттелушінің 24,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға негізделген. ЭТ –да 44 зерттелушінің 67,6% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері жоқ.

Эмоционалдылық көрсеткішінің көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша: ЭТ-да 5 зерттелушінің 7,6% жоғары, ерекше эмоционалдылықты қамтыды, ЭТ-да 16 зерттелушінің 24,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. ЭТ-да 36 зерттелушінің 55,3% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен екендігін көрсетті.

Экспрессивтілік көрсеткіші – көркем бейненің болуымен бекітіледі. Бұл көрсеткіштің ЭТ- да 67 зерттелушінің *көркем өрнек деңгейі бойынша* ЭТ-да 9 зерттелушінің 13,8% жоғары эмоционалдылықты қамтиды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілмеген. ЭТ-да 17 зерттелушінің 26,2% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын орташа деңгейде танытқан. Графикалық құралдар әртүрлі. ЭТ-да 39 зерттелушінің 60% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері байқалмайды.

Экспрессивтілік көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша ЭТ-да 6 зерттелушінің 9,2% жоғары, ерекше эмоционалдылықты көрсетті, ЭТ-да 24 зерттелушінің 36,9% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. ЭТ-да 35 зерттелушінің 53,8% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен деңгейді қамтиды.

Экспрессивтілік көрсеткішінің көркемдікке дейінгі деңгейі бойынша: ЭТ-да 9 зерттелушінің 13,8 % жоғары, ерекше эмоционалдылықты танытты, 22 зерттелушінің 33,8% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделгенін көрсетті. 34 зерттелушінің 52,3% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен көрсетілген. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген.

Графика көрсеткіші – әртүрлі графикалық материалдармен жұмыс істеудің көркемдік құралдары мен тәсілдерін саналы түрде қолдану.

Бұл көрсеткіштің бақылау тобында 65 зерттелушінің **көркем өнер деңгейі бойынша** ЭТ-да 7 зерттелушінің 10,9% жоғары эмоционалдылықты қамтиды. Сурет экспрессивтіліктің графикалық құралдарын ескере отырып жасаған. Пропорциялар, хиароскуро, кеңістік, сызықтық және әуе перспективасы мен көлемі анық көрсетілмеген. 18 зерттелушінің 27,6% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. Сызба объектілердің пропорцияларын орташа деңгейде танытқан. Графикалық құралдар әртүрлі. 40 зерттелушінің 61,5% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері байқалмайды. Идея түпнұсқа, бірақ бақылауларға нашар негізделген


Графика көрсеткішінің фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі бойынша ЭТ-дағы 8 зерттелушінің 12,3% жоғары, ерекше эмоционалдылықты көрсетті, ЭТ-да 25 зерттелушінің 38,4% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделген. ЭТ-да 32 зерттелушінің 49,2% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен деңгейді қамтиды.

Графика: ЭТ- дағы 67 зерттелушіден алынған алғашқы эмперикалық мәлімет бойынша 4 субъектінің 6,1 % жоғары, ерекше эмоционалдылықты танытты, ЭТ-да 28 зерттелушінің 43% орташа яғни, идея түпнұсқа, бақылауға орташа негізделгенін көрсетті. ЭТ-да 33 зерттелушінің 50,7% идея бақылауға негізделмеген, стереотиптік. Сызба схемалық, пропорциялар мен кеңістікті жеткізу әрекеттері төмен көрсетілген. ЭТ бойынша зерттеуде алынған алғашқы тәжірибелік мәліметердің сандық және сапалық интерпертациясы төмендегі кесте де және суреттерде бейнеленген (3-кесте).

Кесте 3 - ЭТ студенттерінің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалауда Н.А. Лепская әдістемесі бойынша бағалау нәтижелері

Көрсеткіштері	Деңгейлері								
	Көркем өрнек деңгейі			Фрагментарлық экспрессивтілік деңгейі			Көркемдікке дейінгі		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Дербестік (түпнұсқалық)	7 10,4%	20 29,8%	40 59,7%	4 5,9%	15 22,3%	48 71,6%)	6 8,9%	16 23,8%	45 63,4%
Динамизм	5 4%	15 22,3%	47 70,1%	5 7,5%	15 22,3%	47 70,1%	9 13,4%	19 28,3%	39 58,3%
Эмоционалдылық	12 17,9%	18 26,8%	37 55,2%	9 13,4%	20 29,8%	38 56,7%	10 14,9%	14 20,8%	43 64,2%
Экспрессивтілік	6 8,9%	13 (19,4%	48 71,6%	10 15%	16 23,8%	41 61,2%	11 16,4%	19 28,3%	37 55,3%
Графика	9 13,4%	14 20,8%	44 65,7%	10 15%	19 28,3%	38 56,7%	7 10,4%	20 29,8%	40 59,8%

Ескерту: Ж-жоғары; О –орташа; Ж- жарамды



Сурет 3 - ЭТ - ның студенттердің көркемдік және шығармашылық қабілеттерін диагностикалауда Н.А. Лепская әдістемесі бойынша бағалау нәтижелерінің диаграммасы

Талқылау

М. Alashwal (2019) заманауи зерттеу жұмыстарында кәсіби құзыреттілік қазіргі әлемдегі идеалды педагог қасиеттері мен дағдыларын анықтау бүкіл әлемде үлкен алаңдаушылық тудырады. Бұл тұжырымның себебі, білім беру секторы әдетте студенттерді оқыту үшін технологияны пайдалану сияқты көптеген жетістіктермен байланысты. Сонымен қатар, білім беру студенттерге әлемдік қиындықтарды жеңуге дайын болу үшін олардың мүмкіндіктерін кеңейтуде шешуші рөл атқарады [8].

М. Liakoroulu (2019) білім мазмұнын жүйелі және аналитикалық сипаттауға, білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін педагогте педагогикалық және дидактикалық білім, білік дағдыларының жоғары деңгейде болуы кәсіби құзыреттіліктерінің дамуының кепілі [9]. Демек арт-технология арқылы мектепке дейінгі ұйымның болашақ педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында құзырет және кәсіби құзыреттіліктің мазмұнымен мен құрылымын анықтап алу маңызды. Осыған орай педагогика және психология ғылымында құзырет және құзыреттілік ұғымдарының ара жігін ажыратып алуға тырысамыз.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамытудың өзектілігі қазіргі кезде артып келеді. Мысалы, отандық зерттеушілер А.К. Мыңбаева мен А.Смайлованың анықтамасы бойынша, «арт-технология - бұл жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуі мен дамуына ықпал ететін көркем шығармашылықтың әдістері мен әдістерінің жүйесі» деп түйінделуінің өзі де мектепке дейінгі ұйым педагогінің жан-жақты шығармашыл тұлға болуын көздейді [10].

Ғалым И.Е. Шкиль «арттехнологияны жеке тұлғаны дамыту үшін вербалды емес өнер тілін қолданатын және рухани өмірдің терең аспектілерімен, ойлардан, сезімдерден, қабылдаулардан және өмірлік тәжірибелерден тұратын ішкі шындықпен байланысуға мүмкіндік беретін әдістер ретінде», - деп топшылаған. Теорияға сәйкес, арт-технологияны қолданудың негізінде көркем образдар жасау адамға өзін түсінуге, өзін білдіруге және сол арқылы өз өмірін әлдеқайда бақытты етуге көмектеседі [11]. Демек, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамытудың тиімділігін осы тұста айта кеткіміз келеді.

Отандық ғалым Р.Сыдықованың зерттеулерінде арт-технологияның мәні «шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру құралы және болашақ маманның жеке даму тәсілі ретінде оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі өнер түрлерінің әдістерін қолдану», - деп келтірілген [12]. Біздің зерттеуімізге негіз болған да осы әдіснамалық идея екенін ескере кеткеніміз жөн.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог-тәрбиешілердің көшбасшылық дағдыларын дамытудағы геймификация және арт-технологияның рөлі ғалым А.А.Алимбекованың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Бұл әдістер болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда маңызды орын алады. Геймификация, ойын элементтерін оқу үдерісіне енгізу арқылы, педагогтердің балалармен қарым-қатынас жасау қабілетін арттырып, шығармашылық тәсілдерін жетілдіреді. Осындай интеграциялық әдістерді қолдану болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін инновациялық тәсілдерге бейімделуге және оларды тиімді қолдануға үйретеді, бұл олардың кәсіби құзыреттіліктерін жаңа деңгейге көтереді, арт-технологияның мүмкіндіктерін арттыра түседі [13].

Шетелдік ғалым Yajun Xu (2024) зерттеулерінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамыту мәселесі үлкен мәнге ие. Шетелдік ғалымның зерттеуі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде сандық технологияларды, атап айтқанда, аудио технологиялар мен ақылды оқу жүйелерін қолданудың маңызды мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Осылайша, Yajun Xu-дің зерттеуінде көрсетілген электронды оқыту жүйелері мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамыту мүмкіндіктерімен тығыз байланысты екенін зерделей алдық [14].

Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері әдіснамалық бағыт ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл еңбектер, біріншіден, болашақ педагогтердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың кәсіби өсуіне ықпал ететін тиімді құралдарды ұсынады.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде арт-технологияның оқу үдерісіндегі маңыздылығы мен оның оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасқа тигізетін оң әсері жиі атап өтіледі. Олардың ойынша, арт-технологиялар болашақ педагогтердің тұлғалық және шығармашылық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, педагогтердің де кәсіби құзыреттілігін

арттыруға көмектеседі. Бұл әдістерді қолдану педагогке жеке шығармашылық тұрғыдан өзін көрсетуге мүмкіндік береді және олардың педагогикалық қызметін жаңашыл бағытта дамытуға ықпал етеді.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектері арт-технологиялардың түрлі формаларын, мысалы, бейнелеу өнері, музыка, театр және хореография секілді шығармашылық бағыттарды қолданудың артықшылықтарын көрсетеді. Олар арт-технологияның педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда маңызды құрал екендігін дәлелдейтін эмпирикалық мәліметтер ұсынады. Мұндай зерттеулер педагогикалық шығармашылықты арттырудың теориялық және практикалық негіздерін қалыптастыруда үлкен үлес қосады.

Осылайша, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда әдіснамалық негізді құрайды. Бұл еңбектерге сүйене отырып, біз болашақ педагогтердің кәсіби өсуін қамтамасыз ететін тиімді әдістерді және педагогикалық үдерістерін жаңғырту жолдарын ұсына аламыз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің арт-технология арқылы кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың бастапқы диагностикасы арт-технология құралдарын жүйелі түрде қолдануды қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары қалыптастырушы кезеңдерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер берді. Сонымен диагностиканың негізгі мақсаты жоғары педагогикалық білім беру орындарында мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің шығармашылық іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастырып, олардың өнер туындыларын қабылдауы, түсінуі, эмоциялық дамуы, өнер түрлерін түсіну дағдыларын дамыту арқылы баланы жан-жақты дамытуға жағдай жасайтын болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялары арқылы дамытудың ғылыми негіздерін құру болып табылады.

Осы орайда, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында шешімін табатын негізгі міндеттердің мазмұнын анықталды: арт-технология арқылы болашақ МДҰ педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін зерттеп, тұжырым жасау; «Арт-технология» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұнын ашу; арт-технологиялар арқылы болашақ МДҰ педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру; болашақ МДҰ педагогтерінің арт-технология арқылы кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін жасалып және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, оның оның тиімділігі оңды әсерін берді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана,

2019, 2 қыркүйек. URL: akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/... [Қаралған күні: 15.06.2024].

[2] Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2020, 1 қыркүйек. URL: akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/... [Қаралған күні: 15.06.2024].

[3] Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 [Қаралған күні: 15.06.2024].

[4] Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 31 тамыз №645 қаулысы. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645 [Қаралған күні: 15.06.2024].

[5] Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 [Қаралған күні: 15.06.2024].

[6] Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы. ҚР. Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137 [Қаралған күні: 15.06.2024].

[7] Баршаға сапалы қол жетімді білім. Педагогтердің I съезіне Ұлттық баяндама жобасы. ҚР. Оқу-ағарту министрлігі. ҚР. Ғылым және жоғары білім министрлігі. Астана, 2023. URL: gov.kz/uploads/2023/9/27/..._original.842417.pdf [Қаралған күні: 15.06.2024].

[8] Alashwal M. The main professional qualities and skills of an effective and modern teacher. Education. American Journal of Educational Research. Published on December 27, 2019.

[9] Liakopoulou M. The Professional Competence of Teachers: Which qualities, attitudes, skills and knowledge contribute to a teacher's effectiveness? International Journal of Humanities and Social Science, 2019, 1(21): 1-13.

[10] Мынбаева А.К., Смайлова А. Применение арт-технологий как средства формирования самооценки студентов в адаптационный период // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия «Педагогические науки». - 2015. - №3 (46). - С. 120-129.

[11] Шкиль И.Е. Анализ применения арт-технологий как средства развития коммуникативной компетентности IT-специалистов // Психологические науки: теория и практика: материалы междунар. науч. конф. (Москва, февраль 2012). - М.: Буки-Веди, 2012. - С. 66-68.

[12] Сыдыкова Р.Ш. Теория и практика развития креативности будущих педагогов-музыкантов в системе высшего образования: дис... д.п.наук. - Туркестан, 2010. - 347 с.

[13] Аяпова Б.А., Айтбаева А.К., Алимбекова А.А. Мектепке дейінгі ұйымда ересек топ балаларының көшбасшылық дағдыларын дамытудағы геймификация мүмкіндіктері //Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. 502-525 б.

[14] Yajun Xu. Intelligent e-learning system in the development of preschool music education based on digital audio technology. Entertainment Computing. – 2024. - Volume 50.

REFERENCES

[1] Syndarly kogamdyk dialog – Qazaqstannyń turaqtılıǵy men ńrkendeuiniń negizi. Memlekiet bassysy Qasym-Zhomart Toqaevtiń Qazaqstan halqyna Joldauy. Astana, 2019, 2 qırkúyek. URL: akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/...[Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]

[2] Jan'a jaǵdaydaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezeńi. Memlekiet bassysy Qasym-Zhomart Toqaevtiń Qazaqstan halqyna Joldauy. Astana, 2020, 1 qırkúyek. URL: akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/... [Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]

[3] Bilim taraly. Qazaqstan Respublikasynyń 2007 jylǵy 27 şildeǵy №319 Zany. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 [Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]

- [4] Pedagog mártebesi taraly. Qazaqstan Respublikasynyń 2019 jylǵy 31 tamyz №645 qaulysy. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645 [Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]
- [5] Bilim berudiń barlyq deńgeiniń memlekettik jalpyǵa mindetti bilim beru standarttaryn bekıtu taraly. Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrińin 2022 jylǵy 3 tamyzdagy №348 buırygymen. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 [Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]
- [6] Mektepke deińgi tárbiéleu men oqytudy damytu modelini bekıtu taraly. QR. Ükimetiniń 2021 jylǵy 15 nauryzdagy №137 qaulysy. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137 [Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]
- [7] Barshaǵa sapaly qol jetimdi bilim. Pedagogterdiń I s'ezine Ulıtyq bayandama jobasy. QR. Oqu-agartu ministrligi. QR. G'ılım jańe joǵary bilim ministrligi. Astana, 2023. URL: gov.kz/uploads/2023/9/27/..._original.842417.pdf [Data obrashcheniya: 15.06.2024]. [in Kaz.]
- [8] Alashwal M. The main professional qualities and skills of an effective and modern teacher. Education. American Journal of Educational Research. Published on December 27, 2019. [in English.]
- [9] Liakopoulou M. The Professional Competence of Teachers: Which qualities, attitudes, skills and knowledge contribute to a teacher's effectiveness? International Journal of Humanities and Social Science, 2019, 1(21): 1-13. [in English.]
- [10] Mynbaeva A.K., Smaylova A. Primenenie art-tehnologiy kak sredstva formirovaniya samoocenki studentov v adaptatsionnyy period // Vestnik KazNU im. al'-Farabi. Seriya "Pedagogicheskie nauki". - 2015. - №3 (46). - S. 120-129. [in Kaz.]
- [11] Shkil' I.E. Analiz primeneniya art-tehnologiy kak sredstva razvitiya kommunikativnoy kompetentnosti IT-spetsialistov // Psikhologicheskie nauki: teoriya i praktika: materialy mezhdunar. nauch. konf. (g. Moskva, fevral' 2012 g.). - M.: Buki-Vedi, 2012. - S. 66-68. [in Rus.]
- [12] Sydykova R.Sh. Teoriya i praktika razvitiya kreativnosti budushchikh pedagogov-muzykantov v sisteme vysshego obrazovaniya: dis... d.p.nauk. - Turkestan, 2010. - 347 s. [in Kaz.]
- [13] Ayapova B.A., Aytbayeva A.K., Alimbekova A.A. Mektepke deyingi uyymda ererek top balalarynyn koshbashylyk dagdylaryn damytudagy geymifikatsiya mumkindikteri // Abylay Khan atyndagy KazHKHhTU Khabarshysy «Pedagogika gylymdary» seriyasy. 502-525 b.
- [14] Yajun Xu. Intelligent e-learning system in the development of preschool music education based on digital audio technology. Entertainment Computing. – 2024. - Volume 50.

ПОТЕНЦИАЛ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ПО СРЕДСТВАМ АРТ-ТЕХНОЛОГИЙ

* Кожажулов А.Т.¹, Алимбекова А.А.², Жумашева Т.С.³, Булшекбаева А.И.⁴

^{*1,2,4}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

³Казахский Национальный Женский Педагогический Университет, Алматы,
Казахстан

Аннотация. В условиях стремительного развития общества, расширения политических и социальных возможностей, создания постиндустриального информационного общества и усиления межкультурных отношений, развития экономики, роста конкуренции, сокращения трудовой сферы, не требующей квалификации, актуальными становятся вопросы отбора специалистов в различных сферах деятельности, постоянного повышения их профессиональной квалификации, формирования современных компетенций, таких как мобильность и повышение роли личных ценностей. Задача

педагогики - содействие подготовке граждан государства, семейных людей, квалифицированных специалистов. Политика образования Казахстана учитывает национальные взгляды, представляет их мировым сообществам и основывается на передовом мировом опыте. Новая парадигма образования требует комплексного и коренного обновления существующей системы, улучшения содержания и технологий подготовки будущих специалистов, в том числе обновления специалистов дошкольного образования.

Развитие профессиональной компетентности будущих педагогов дошкольных организаций является важной задачей. Рассматриваются возможности улучшения процесса профессионального образования посредством использования арт-технологий. Арт-технологии (технологии искусства) способствуют развитию творческих способностей, диверсификации методов обучения и делают процесс обучения интересным и эффективным.

Авторы отмечают, что развитие профессиональной компетентности будущих педагогов с использованием арт-технологий способствует повышению их профессионального уровня, улучшению качества образования и внедрению инновационных методов в дошкольных организациях.

В статье анализируется потенциал развития профессиональной компетентности будущих педагогов дошкольных организаций через арт-технологии. Авторы раскрывают значимость возможностей развития профессиональной компетентности будущих педагогов дошкольных организаций на основе арт-технологий.

Также в статье используются несколько методик для получения эмпирических данных. Это диагностика креативного мышления (исследование гибкости графического изображения по Э. П. Торренсу) и диагностика художественных и творческих способностей студентов (по методике Н.А. Лепской).

Ключевые слова: дошкольная организация, педагог-воспитатель, педагог будущей дошкольной организации, арт-технология, профессиональная компетентность, развитие, потенциал, профессиональная деятельность

POTENTIAL FOR DEVELOPING THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE PRESCHOOL ORGANIZATION TEACHERS THROUGH ART TECHNOLOGIES

*Kozhagulov A.T.¹, Alimbekova A.A.², Zhumasheva T.S.³, Bulshekbayeva A.I.⁴

^{*1,2,4}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

³Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the context of rapid societal development, the expansion of political and social opportunities, the creation of a post-industrial information society, the strengthening of intercultural relations, economic development, increased competition, and the reduction of unskilled labor sectors, the issues of selecting specialists in various fields, constantly improving their professional qualifications, and forming modern competencies such as mobility and the enhancement of personal values become relevant. The task of pedagogy is to assist in the preparation of citizens of the state, family members, and qualified professionals. Kazakhstan's educational policy takes national perspectives into account, presents them to the global community, and is based on advanced global experiences. The new educational paradigm requires a comprehensive and fundamental renewal of the existing system, the improvement of the content and technologies for training future specialists, including the renewal of preschool education specialists.

The development of the professional competence of future preschool organization teachers is an important task. The possibilities of improving the professional education process through the

use of art technologies are considered. Art technologies (art techniques) help develop creative abilities, diversify teaching methods, and make the learning process interesting and effective.

The authors note that developing the professional competence of future teachers using art technologies contributes to raising their professional level, improving the quality of education, and introducing innovative methods in preschool organizations.

The article analyzes the potential for developing the professional competence of future preschool organization teachers through art technologies. The authors reveal the importance of opportunities for developing the professional competence of future preschool organization teachers based on art technologies.

Several methodologies are also used in the article to obtain empirical data. These include the diagnosis of creative thinking (researching the flexibility of graphical images according to E.P. Torrance) and the diagnosis of students' artistic and creative abilities (according to the methodology of N.A.Lepskaya).

Key words: preschool organization, teacher-educator, teacher of the future preschool organization, art technology, professional competence, development, potential, professional activity

Мақала түсті: 23 маусым 2024